

ТЕКСЕРІЛДІ:

*Үлкендерге
мәтіндік
жыл*

05.12.2025 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай- балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 08.12 – 12.12. 2025 жыл (2-апта)

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы

Апта дәйексөзі: «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»

Күн тәртiбi	Дүйсенбi 08.12	Сейсенбi 09.12	Сәрсенбi 10.12	Бейсенбi 11.12	Жұма 12.12
Ата-аналармен әңгімелесу	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Жабайы аңдар»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» ҚР Гимн орындау (дүйсенбі күні)				
	Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері				
	1. Мұзға шықпаймыз – сырғанақ болған жер қауіпті, құлап қалуымыз мүмкін. 2. Қалың киінеміз – шапка, шарф, қолғап міндетті. 3. Қарды ауызға салмаймыз – ауыруы мүмкін. 4. Жел қатты болса, сыртта көп тұрмаймыз – тоңып қаламыз. 5. Жолдан абайлап өтеміз – тайғақ, көлік тез тоқтамайды. 6. Бір-бірімізге қатты қар лақтырмаймыз – көзге тиіп кетуі мүмкін. 7. Аязда қолды суық темірге ұстамаймыз – жабысып қалады. 8. Үлкендерсіз сырғанаққа шықпаймыз – биік жерден құлау қауіпті.				
	«Күй күмбірі» күй тыңдау Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Ерке сылқым» күйі https://agugai.kz/music/altyn-dombyra-yerke-sylkym#				
«Өнегелі 15 минут» «Құрметтеуді үйренеміз»					

	<p>Ойынның мақсаты: құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады. Ойын барлық қатысушылар айтып болғанша жалғасады.</p>				
Сөздік минимум	<p>Қол, саусақ, алақан.</p> <p>Оң қол, сол қол, оң аяқ, сол аяқ</p> <p>Аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян, жылан, жолбарыс, керік, кірпі.</p> <p>Ұ дыбысы – аң, қоңыр</p>		<p>Мен аюды көрдім. Ол үлкен. Оның түсі қоңыр. Аю таңқурайды жақсы көреді. Қоян сәбізді жақсы көреді. Кірпі саңырауқұлақты жақсы көреді.</p>		
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<p><u>Ересек топ</u> Тақырыбы: «Оң қолымда бес саусақ» Міндеттері: қазақ тіліндегі сөздерді тындауға және дұрыс айта білуге және оларды есте сақтауға баулу; адам дене мүшелерінің (оң қол, сол қол, оң аяқ, сол аяқ) атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (Бұл не? Бұл – бас).</p> <p>Балалар, біз бүгін «Адамның дене мүшелері» тақырыбын жалғастырамыз. Бейнежазба көру «Дене мүшелері»</p>		<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Жабайы аңдардың тіршілігі» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; жабайы жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Бейнежазба арқылы жабайы аңдарды еске түсіру Топпен жұмыс «Жабайы аңдарды ата» (жабайы аңдарды қазақша айта отыра еске түсіру):</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мынау – аю. - Мынау – тү-ү-үлкі. 		

	<p>Тыңда, қайтала Бас. Оң қол. Сол қол. Оң аяқ. Сол аяқ</p> <p>Үлгі бойынша айт. Мынау – менің оң қолым. Мынау – менің сол қолым. Мынау – менің оң аяғым. Мынау – менің сол аяғым.</p> <p>Есте сақтайық! Қол. Саусақ. Алақан. Оң. Сол</p> <p>Үлгі бойынша сөйлес. Влад, мынау қай қол? Оң қол. Мынау қай қол? Сол қол. Оң қолыңда неше саусақ бар? Бес саусақ. Сол қолыңда неше саусақ бар? Бес саусақ.</p> <p>Жаттап ал. Оң қолымда бес саусақ. Сол қолымда бес саусақ. Алақанды ашамыз. Бесті беске қосамыз. Қанша болды барлығы? Кел, санайық бәріміз! 1, 2, 3, 4, 5, 6, Қорытынды: Дене мүшелеріне байланысты сөздердің</p>		<ul style="list-style-type: none"> - Мынау – қ-қ-қасқыр. - Мынау – қ-қ-қоян. - Мынау – кірпі-і-і. - Мынау – арыстан. - Мынау – жолбарыс. - Мынау – піл. - Мынау – керік. <p>«Анасы мен баласын тап» ойыны Ойын барысы: 1. Баланың алдында екі қатардағы суреттер ұсынылады: Сол жақта — ересек жануарлар Оң жақта — олардың күшіктері / төлдері 2. Әр ересек жануардың жанында түрлі-түсті белгі (дөңгелек) бар. 3. Баланың міндеті — осы түстер арқылы дұрыс жұбын табу, яғни: Қызыл түске — қай төл сәйкес? Жасыл түске — қай төл сәйкес? Қызғылт сары түске — қай төл сәйкес? Көк түске — қай төл сәйкес? 4. Бала қажетті төлді таңдап, тиісті бос шеңберді белгілейді. Есте сақтау Жақсы көреді - любит Дидактикалық ойын «Не нені жақсы көреді?»</p>		
--	---	--	--	--	--

	<p>қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p> <p>Мектепалды тобы Тақырыбы: «Жабайы аңдар» «ң дыбысы» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; жабайы жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>-Балалар, табиғатта қажет тамақтарын тауып, өздерін өздері асырайтын, жаулары мен ауа райы қолайсыздығынан өздері қорғанатын жануарларды қалай атаймыз? -Жабайы аңдар деп атаймыз -Олар қайда тұрады? -Орманда. Солтүстікте. Ыстық елдерде тұрады. -Адамдар қайда тұрады? -Біз үйде тұрамыз.</p>		<p>Аю таңқурайды жақсы көреді. Қоян сәбізді жақсы көреді. Кірпі саңырауқұлақты жақсы көреді.</p> <p>Қыстырғыш (прищепка) ойыны «Нені жақсы көреді?»</p> <p>Ойынның бірінші кезеңінде балаға барлық жануарларды қарастырып, олардың атын есте сақтау ұсынылады. Одан кейін: «Жануарлар бейнеленген қыстырғыштарды ол жейтін тағаммен дұрыс сәйкестігін көрсететіндей етіп шеңберге бекіту керек» деген тапсырма беріледі. Ойында жетекші сұрақтар қою керек: «Қоян не жегенді ұнатады? Біз оған не береміз?»</p> <p>Бейнежазба көру: «Не нені ұнатады?»</p> <p>Сұраққа жауап бер «Сен нені көрдің?»</p> <p>Мен аюды көрдім. Мен түлкіні көрдім. Мен қоянды көрдім. Мен қасқырды көрдім. Мен арыстанды көрдім. Мен пілді көрдім.</p> <p>Үлгі бойынша айт Мен қоянды көрдім. Ол кішкентай. Оның түсі ақ.</p> <p>Қимылды әрекет Аңдар биі (тез-баяу)</p>		
--	---	--	--	--	--

	<p>-Балалар, қандай жабайы жануарларды білесіңдер? -Ендеше біз бүгін қазақ тіліндегі жабайы жануарлардың атауын білеміз және оны есте сақтаймыз. Аң – ң-ң-ң ң – қазақ тіліне тән дыбыс. [ң] дыбысын айтқанда тілдің артқы жағы жұмсақ таңдайға тығыз тиеді. Тіл ұшы төмен түседі. Дыбыс мұрын арқылы шығады. Қайырлы таң-ң-ң Сенің атың кім? Менің атым Сау болыңыз! Суретпен жұмыс «Тыңда, қайтала»</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мынау – аю. - Мынау – тү-ү-үлкі. - Мынау – қ-қ-қасқыр. - Мынау – қ-қ-қоян. - Мынау – кірпі-і-і. - Мынау – арыстан. - Мынау – жолбарыс. - Мынау – піл. - Мынау – керік. <p>Дидактикалық ойын «Бұл жабайы орман жануарлары» «Бұл ыстық елдің жабайы жануарлары» (суреттермен жұмыс) Бейнежазба көру «Жабайы</p>		<p>Қорытынды: жабайы жануарлардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.</p>		
--	--	--	--	--	--

	<p>андар» «Көлеңкесін тап» ойыны Балалар суретте бейнелеген жануарларды басқа жануарлар көлеңкесінен ажыратады, беттестіреді, атайды. Ойын шарты: 1. Балаларға сол жақтағы жануарлар суреті және оң жақтағы көлеңкелер көрсетіледі. 2. Әр жануардың өзіне сәйкес көлеңкесін табу керек. 3. Жануарды саусақпен көрсетіп, оның көлеңкесін сызықпен немесе сөзбен сәйкестендіреді. 4. Барлық жануарлар дұрыс табылған соң, әр жануар туралы қысқаша әңгімелеп айтуға болады «Суреттерді сәйкестендір» ойыны 1. Сол жақта – жануарлардың суреттері. 2. Оң жақта – әртүрлі күйрықтар. 3. Әр жануардың күйрығын мұқият қарап табу керек. 4. Дұрыс деп ойлаған жұпты сызықпен қос. Жаттап ал Мынау – керік, Мынау – піл.</p>				
--	---	--	--	--	--

	<p>Неше керік, Неше піл? Мынау – түлкі, Мынау – кірпі. Неше түлкі, Неше кірпі? (Ә.Шапағат) Қимылды әрекет «Зообак» Қорытынды: жабайы жануарлардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p>«Не жапты?» ойыны Балалар естігені бойынша өз дене мүшелерін қолымен жабады. Дидактикалық ойын «Не нені жақсы көреді?» Аю таңқурайды жақсы көреді. Қоян сәбізді жақсы көреді. Кірпі саңырауқұлақты жақсы көреді</p>	.	<p>«Суреттерді сәйкестендір» ойыны 1. Сол жақта – жануарлардың суреттері. 2. Оң жақта – әртүрлі құйрықтар. 3. Әр жануардың құйрығын мұқият қарап табу керек. 4. Дұрыс деп ойлаған жұпты сызықпен қос.</p>		
<p>«Республикам – мақтанышым!» ертеңгілік «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша</p>					

	<p>Отан! Әсем біздің қаламыз, Байтақ біздің даламыз. Қазақстаным тәуелсіз, Біз бақытты баламыз.</p>	<p>Отан Отанды біз атамекен Деп аялап атаймыз, Өйткені оны мекен еткен Бабамыз бен атамыз.</p>
	<p>«Қай асық жетпей тұр?» ойыны Балалар асықтарды түстеріне сәйкес орналастырады «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>	